

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 170 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 4 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5206 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 9 наурыздағы № 92 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2010.03.09 № 92 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 11-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті:

белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарды жарияласын.

3. "Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 маусымдағы N 255 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 2400 тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Қ.О. Омаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Ж. Айтжанова

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Индустрия

және

сауда

министрінің

міндетін атқарушының
2008 жылғы 23 сәуірдегі
N 170 бұйрығымен бекітілген

**Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған
рұқсатты ресімдеуге қажетті құжаттардың
ТІЗІМІ**

1. Белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша).
2. Жер учаскесін құрылысқа беру туралы аудандық (қалалық) атқарушы органдардың шешімі.
3. Жобалау-сметалық құжаттамаға сараптаманың оң қорытындысы.
4. Бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстары түрлерінің тізбесі бар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыруға құқығына мемлекеттік лицензиясы.
5. Бас мердігердің (2-қосымша), тапсырыс берушінің атынан құрылысқа жауапты адамның белгіленген нысандағы қолхаты (3-қосымша).
6. "Сейсмикаға төзімді құрылыс" (сейсмикалық аудандарда) курстары бойынша қолданыстағы куәліктің болуы.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге
арналған рұқсатты алуға қажетті
құжаттардың тізбесіне

1-қосымша

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Бас мемлекеттік құрылыс инспекторынан _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)
тапсырыс беруші (Құрылыс салушы) _____

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және телефоны, заңды тұлғаның, ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)

_____ (объектінің мақсаты, мекен-жайы)
объекті бойынша _____

рұқсатты ресімдеуді сұрайды.

Мердігер _____
(ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)

Жобалау-сметалық құжаттаманы _____
_____ бекітті.
(к і м , қ а ш а н)

Тапсырыс берушінің жауапты адамы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Авторлық кадағалау жүргізу _____
_____ жүктеледі.
(тегі, аты, әкесінің аты)

Тапсырыс берушінің бақылауын _____
_____ жүзеге асырады.

(ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)

Құрылыс 200_ жылғы "___" _____ басталды.

Пайдалануға беру мерзімі 200_ жылы "___" _____

Қаржыландыру көздері _____

М.О. _____

(Басшының тегі, аты, әкесінің аты)

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге
арналған рұқсатты алуға қажетті
құжаттардың тізбесіне

2-қосымша

**Бас мердігердің атынан құрылысқа жауапты адамның
ҚОЛХАТЫ**

Мен _____

_____ (лауазымы, ұйымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты)
м ы н а д а й қ о л х а т б е р е м і н :

1. _____

_____ (оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)
бойынша маған берілген құқықтың негізінде объектіні салған кезде

_____ (объектінің атауы, мекен-жайы)
құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізгенім үшін өзіме жауапкершілікті
қ а б ы л д а й м ы н .

2. Құрылыс нормаларын, құрылыс заңнамасының талаптарын және жобаның
талаптарын бұзғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде
және Әкімшілік кодексінде көзделген жауапкершілікте боламын.

3. Сапасыз материалдар, бұйымдар мен құрастырмаларды қолдануға жол

бермеуге міндеттеме қабылдаймын.

4. Осы объектіде орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы үшін жауапкершілікте болуға міндеттеме қабылдаймын.

5. "Сейсмикаға төзімді құрылыс" (сейсмикалық аудандарда) курсы бойынша оқыдым және олар бойынша қолданыстағы куәліктерім бар _____

_____ (куәліктің нөмірі, кім берген немесе мерзімі ұзартылған)

6. Қызметінің мекен-жайы, телефоны _____

_____ (ж е к е қ о л ы)

М ә л і м е т т е р д і ж ә н е

қолымды куәландырамын _____
(қолхат беруші басшының тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

_____ (қолы)

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге
арналған рұқсатты алуға қажетті
құжаттардың тізбесіне

3-қосымша

**Тапсырыс берушінің жауапты адамының
ҚОЛХАТЫ**

Мен _____
(лауазымы, ұйымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты)
объектіні салған кезде _____

_____ (объектінің атауы, орналасқан жері)

_____ (құрылыс салушы ұйымның атауы)
200_ жылғы "___" _____ N_____ бұйрықты орындау үшін объектінің
құрылысы үшін жауапкершілікті өзіме қабылдаймын:
және мыналарға міндеттімін:

1) құрылыс нормалары мен ережелерін бұза отырып, құрылыс
жұмыстарының көлемін қабылдамаймын;

2) құрылыс нормаларынан және бекітілген жобадан шегініс жасауға рұқсат
б е р м е й м і н .

3) құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған рұқсаттың мерзімін жыл сайын
ұзартып тұрамын.

Қызметінің мекен-жайы, телефоны _____

Үйінің мекен-жайы, телефоны _____

(ж е к е қ о л ы)

Мәліметтерді және қолымды куәландырамын _____
(қолхат беруші басшының аты-жөні)

М.О.

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК